

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИС ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 ____ жылғы « ____ » _____

№ _____

010000, Нұр-Сұлтан, Мәжіліс Парламента

« ____ » _____ 20 ____ года

2025 жылдың 22 қаңтарда жарияланды

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
А. Сапаровқа

Д Е П У Т А Т Т Ы Қ С А У А Л

Құрметті Айдарбек Сейпілұлы!

Доллар бағасын төмендету үшін импорт көлемін азайту керек екенін жақсы білесіз. Бұл міндет әр министрдің мойнында және отандық кәсіпорындарды дамыту арқылы орындалатыны да сізге белгілі.

Енді қараңыз - 2023 жылы тек мал шаруашылығы саласында шетелден 320 млн АҚШ долларына тауар мен шикізат әкелінді. 2015 жылы бұл көрсеткіш 2,5 есе аз еді (128 млн АҚШ доллары).

Осының қомақты бөлігі жоғары технологиялардың жоқтығынан, өз өндірісіміздің «ақсаңдауынан» екені белгілі. Мейлі, солай ақ болсын. **Алайда дәл осы сәтте мал шаруашылығында импортпен күресуге технологиямыз да, мамандарымыз да, мүмкіндігіміз де бар ғой!** Неге осы бағыттағы жұмыстың нәтижесі жоқ?

Осы депутаттық сауалда мен қолдан ұрықтандыру саласына жеке тоқталғым келіп отыр.

Қазақстанда асыл тұқымды малдан ұрық алып, оны көбейтіп, сақтап, шаруаларға сапалы қызмет көрсетуге толық мүмкіндігі бар 2 мекеме жұмыс істеп тұр. Бірі – мемлекетке қарасты «Асыл түлік» акционерлік қоғамы, екіншісі – Талдықорғандағы «Асыл» жекеменшік орталығы. Осыдан 10 жыл бұрын «Ақсанат инжиниринг» деген орталық жұмыс істеген еді. Мемлекет тарапынан тиісті қолдау болмаған соң жабылып тынды.

«Асыл түлік» пен «Асыл»-дың да жағдайы мәз емес. Біреуі ешқандай инвестиция болмаған соң, мекемені банкротқа түсіріп алмайын деп, әртүрлі ғылыми жобаларға қатысып, «өлместің» күнін көріп жүр.

«Асыл» болса ұрық өндірісін тоқтатпас үшін өзінің жеке қаражатымен мекемені ұстап отыр.

Қазақстанда ауыл шаруашылығы саласынан басқа бағыттарда кез-келген жаңа технологияларды игеруге қыруар қаражат беріледі. Үкімет оларды жеке назарына алып, әртүрлі жеңілдіктер ұсынуда. Ал мал шаруашылығындағы ұрық өндіретін 2 үлкен мекемеге «өз күніңді өзің көр» деген саясат ұстанып отыр. Сонда қалай болғаны? Министрлік айналдырған екі мекемені дамыта алмағаны ма?

Қолдан ұрықтандыру бойынша мамандардың саны жылдан жылға азайғанын айтпаса да белгілі. Қысқасы жылдар бойы жинақтаған тәжірибе мен әлеуетімізден айырыламыз.

Сенат тарапынан да Мәжілістен де талай рет осы мәселені шешу бойынша ұсыныстар берілді. Оның ішінде асыл-тұқымды бұқалардан алынатын ұрықтардан тек ұрғашы жынысты бөліп алу технологиясын кеңінен зерттеп, өндіру бойынша талаптар да бар.

Бірақ бұл ұсыныстардың ешқайсысы орындалған емес.

Қасымыздағы Ресей мемлекеті санкцияның салдарынан шығу үшін бір жыныстық ұрық алу технологиясының лицензиясын сатып алып, бұл жұмысты толығымен жолға қойды.

Ал біз ше?

Бүгінде біздің отандық фермерлер, ұрықтың көп бөлігін шетелден әкеледі және жыл сайын сыртқа кететін қаржының көлемі 10 млрд теңгеден асып жығылады. **Себебі «Асыл түлік»-те де «Асыл»-да да бәсекеге қабілетті бұқалар да, қошқарлар да жоқ! Өйткені бұларды сатып алатын қаражаты жоқ.** Осылай жалғаса берсе екі мекеме де жақын арада жабылады.

Осыған орай Министрлікке төменгі талаптарды қоямыз.

Біріншіден, «Асыл түлік» пен «Асыл» орталықтарына арналған инвестициялық бағдарлама ұсынылсын. Берілетін қаражат 2026 жылдың республикалық бюджет жоспарына салынуы қажет. Ол ақшаға екі мекеме әлемде бар мықты бұқалар мен қошқарларды сатып алуға және өндірісті жаңартуға қолдануы тиіс.

Екіншіден, шет елден әкелетін ұрыққа субсидия төленуі тоқтатылсын. Отандық ұрықты менсінбей батысқа қарап «ұлып» тұрған шаруашылықтарды қолдаудың ешқандай қажеті жоқ. Үнемделген қаражат қолдан ұрықтандыру бойынша мамандардың санын ұлғайту үшін осы екі мекемеге берілгені дұрыс. Ауылдарда қолдан ұрықтандыруды игеріп жұмыс істеймін деген жастар көп. Оларды осы екі орталық арқылы оқыту және дайындау қажет.

Үшіншіден, сырттан келетін ұрықтардың сапасы зертханалармен тексерілсін, сөйтіп қана қолданысқа жіберілсін. Бұл ретте «Асыл түлік» орталығының және де өңірлердегі ғылыми-зерттеу институттарының зертханаларын пайдалануға болады.

Төртіншіден, «Асыл түлік» АҚ мен ғылыми зерттеу институттарына асыл-тұқымды бұқалардан алынатын ұрықтардан ұрғашы жынысты ұрықтар алу технологиясының лицензиясын алуға және оны менгеруге тиісті қаражат бөлу керек.

Бесіншіден, малды қолдан ұрықтандыруға Республикалық палаталарды тартуды және оларды тек отандық орталықта дайындалған ұрықтарды сатып алғанда ғана субсидия берілетінін, Министрліктің қағидасымен бекіту қажет.

Алтыншыдан, егер мемлекет тарапынан инвестиция болмаса «Асыл түлік» АҚ акцияларын саладағы технологиясы мен тәжірбиесі бар шет ел инвесторларына ұсыну қажет.

Құрметпен,

**«Ауыл» партиясы
фракциясының депутаттары**

А. Баққожаев

С. Егізбаев

Ж. Дайрабаев

Қ. Абден

А. Зейнуллин

Т. Сериков

*Исп.: А.Амангельдина
Тел.: 746416*